

зейнетақы қорларына, зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға және кастодиан банктерге жіберсін.

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап осы қаулының 4-қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2003 жылғы 21 сәуірдегі
N 138 қаулысына

1-қосымша

Ескерту: Жоғарғы оң бұрышындағы "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарды бекіту туралы" деген сөздер алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

**Міндетті зейнетақы жарналарының есебінен
зейнетақымен қамсыздандыру туралы**

Үлгі шарты

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 , 2007.05.28. N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

_____ қаласы " _____ " _____ 200__ жыл

Жинақтаушы зейнетақы қоры

(Жарғыға сәйкес толық және қысқартылған атауы, нақты мекен-жайы)
бұдан әрі "Қор" деп аталады, Жарғы (немесе сенімхат) және зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға және _____ жылғы " _____ " _____ N _____ зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға лицензия негізінде _____ іс-әрекет _____ ж а с а й т ы н

_____ (лауазымы, фамилиясы, аты (әкесінің аты болғанда), туған күні, мекен - жайы) арқылы бір жағынан және _____

_____ (лауазымы, фамилиясы, аты (әкесінің аты болғанда) _____ туған күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат (сериясы, номері) " _____ " _____ жылы _____ берген, (кім және қашан) _____ элеуметтік жеке код N _____, немесе жеке сәйкестендіру нөмірі бар болса, _____, бұдан әрі "Салымшы/Алушы" деп аталады, екінші жағынан, мына төмендегілер жөнінде міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады:

1. Шарттың мәні

1. Осы Шартқа сәйкес Салымшы/Алушы міндетті зейнетақы жарнасын уақтылы енгізуге міндеттенеді, ал Қор оларды қабылдауға, жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының заңдарына және Шарт талаптарына сәйкес жинақталған инвестициялық кірісті ескере отырып зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2 . Қ о р :

- 1) міндетті зейнетақы жарналарын қабылдауға;
- 2) Салымшыға/Алушыға жеке зейнетақы шот N _____ ашуға;
- 3) Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатын қалыптастыруға және зейнетақы активтерін тек қана уәкілетті кастодиан банкте сақтауға ;
- 4) Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының және оның жүргізген төлемдерінің жеке есебін жүзеге асыруға;
- 5) Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатына инвестициялық кіріс есептеуге;
- 6) Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуын қамтамасыз етуге ;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатының жоғалуын өтеуге;
- 8) Салымшыға/Алушыға жылына кемінде бір рет, сондай-ақ кез келген

сұратылған күнге ақы алмастан оның сұратуы бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты ұсынуға және Салымшымен/Алушымен келісім бойынша оның жинақталған зейнетақы қаражаты туралы ақпаратқа кірудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;

9) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

10) Шарт жасау кезінде Салымшыға/Алушыға зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар, кастодиан банк туралы Қазақстан Республикасының заңдарында анықталатын көлемде мәліметтерді ұ с ы н у ғ а ;

11) Салымшыға/Алушыға Салымшының/Алушының мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және кастодиан банктің ауысуы туралы мәліметтерді(Қор офисінде орналастыру арқылы) ұсынуға;

11-1) Салымшының/Алушының өтініші бойынша бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты ұ с ы н у ғ а ;

12) уәкілетті органның қайта ұйымдастырылуға рұқсатын алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде және таратуға рұқсат алған күннен бастап - он күнтізбелік күн ішінде Салымшыны/Алушыны алдағы уақытта қайта ұйымдастырылатыны және таратылатыны туралы екі баспа басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар е т у г е ;

13) Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

14) Салымшының/Алушының өтініші бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының барлық сомасын соңғы күнгі есептелген инвестициялық кірісімен басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына зейнетақы аннуитеті шарты бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде аударуға;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлар басталғанда Салымшыға/Алушыға зейнетақы төлемдерін жүргізуге;

16) Салымшы/Алушы қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақы шотындағы барлық сомасын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Салымшының/Алушының мұрагеріне (мұрагерлеріне) т ө л е у г е ;

16-1) Салымшының/Алушының деректемелері өзгерген жағдайда Салымшының/Алушының жазбаша хабарламасы негізінде автоматтандырылған

ақпарат жүйесіне тиісті өзгерістер енгізуге;

17) Салымшы/Алушы Қазақстан Республикасының шегінен тысқа тұрақты тұруға көшіп кеткен жағдайда, жинақталған зейнетақы қаражатын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.04.12 N 113 , 2005.11.26 N 416 , 2008.10.29 N 169 Қаулыларымен .

3 . Қ о р д ы ң :

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде комиссиялық сыйақы алуға;

2) зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша оның жазбаша өтініші бойынша Салымшының/Алушының мүддесін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сот органдарында білдіруге;

2-1) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді жариялауға;

3) және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Салымшының/Алушының құқығын шектемейтін және нашарлатпайтын өзге де құқықтары бар.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 169 Қаулысымен .

4 . С а л ы м ш ы / А л у ш ы :

1) Қазақстан Республикасының заңдарына және Шарт талаптарына сәйкес тек бір ғана Қорда жинақталған зейнетақы қаражаты болуына;

2) Шартқа қол қойған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде Салымшы/Алушы өзінің міндетті зейнетақы жарнасын төлеу жөніндегі агентіне Шартқа қол қойылған күнді, әлеуметтік жеке кодының номерін және Қордың деректемелерін хабарлауға, сондай-ақ оған Шарттың көшірмесін беруге;

3) міндетті зейнетақы жарналарын Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде енгізуге;

4) растайтын құжаттарды ұсына отырып Қордың міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ олар басталған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қорға хабарлауға.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық

ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

5. С а л ы м ш ы н ы ң / А л у ш ы н ы ң :

1) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

2) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты а л у ғ а ;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына бір күнтізбелік жылда екі рет аударуға, сондай-ақ жинақталған зейнетақы қаражатын зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда Қордан с а қ т а н д ы р у ұ й ы м ы н а а у д а р у ғ а ;

4) төлемдерді жүзеге асыру сәтіне Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын мұраға қалдыруға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатын алуға;

7) Қор қызметіне сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

3. Зейнетақы жарналары мен төлемдерін енгізу тәртібі мен шарттары

6. Салымшы/Алушы Шарт бойынша міндетті зейнетақы жарналарын бір мезгілде кіріс төлей отырып оларды міндетті зейнетақы жарналары жөніндегі агенттің ұстап қалуы арқылы, сондай-ақ Қордың Шартта көрсетілген банктік шотына аудару арқылы дербес енгізеді.

7. Міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерін Қазақстан Республикасының з а ң д а р ы б е л г і л е й д і .

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

8. Зейнетақы төлемдерін алу тәртібі Қазақстан Республикасының төлеу сәтіне қолданылып жүрген заңдарымен белгіленеді.

Ескерту: 8-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

4. Қордың Салымшыларды/Алушыларды хабардар ету тәртібі

9. Салымшыға/Алушыға оның жинақтаған зейнетақы қаражаты туралы Қор беретін жыл сайынғы ақпаратқа ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы кіреді, оның ішінде:

1) зейнетақы шарты жасалған күннен бастап және өткен жылы келіп түскен зейнетақы жарналарының және (немесе) аударымдарының айлар бойынша және олардың нақты келіп түскен күнін көрсете отырып бөліп көрсетілген сомасы;

2) зейнетақы шарты жасалған күннен бастап және өткен жылы есептелген инвестициялық кірістің айлар бойынша және олардың нақты келіп түскен күнін көрсете отырып бөліп көрсетілген сомасы;

3) Қордың комиссиялық сыйақы сомасы;

3-1) Қордың уәкілетті органы бекіткен комиссиялық сыйақының көлемі;

4) өткен жылы жүргізілген зейнетақы төлемдерінің және (немесе) аударымдарының ұсталған табыс салығының сомасы көрсетіліп, айлар бойынша бөліп көрсетілген сомасы.

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

10. Салымшыны/Алушыны жыл сайын хабардар ету күнтізбелік жыл аяқталғанға дейін екі ай ішінде меншікті қаражаты есебінен жүргізіледі.

10-1. Салымшының/Алушының өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабардар ету төлем карточкасы арқылы, сондай-ақ байланыс құралдары (пошта, электрондық пошта және өзге байланыс құралдары) арқылы жүргізілуі мүмкін.

Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

5. Тараптардың міндеттемелерін орындамаған жағдайдағы жауапкершіліктері

11. Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапкершілік көтереді.

12. Салымшымен/Алушымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы шарт болмаған жағдайда, оның пайдасына түсетін зейнетақы жарналарын Қор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

13. Қор жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды Қор кінәсынан кешіктірген жағдайда, ол әрбір мерзімі өткен күн үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 есесі мөлшерінде Алушының пайдасына өсімпұл төлеуге міндетті. Өсімпұл төлеу Қорды нақты зейнетақы төлеуді (жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды) жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерін о р ы н д а у д а н б о с а т п а й д ы .

Ескерту: 13-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

14. Форс-мажор жағдайы деп танылған соғыс, табиғат апаты, жаппай ереуілдер, белгіленген тәртіппен жарияланған және тараптар шарт бойынша міндеттемелерін орындайтын жерде бар немесе пайда болуы мүмкін, оларды орындауға кедергі жасайтын және тараптардың еркінен тыс төтенше жағдайлар мен ахуалдар болған кезде Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

15. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес реттеледі.

6. Зейнетақы төлемдерін кесте бойынша жүзеге асыру тәртібі

16. Салымшының/Алушының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайлар басталған кезде кесте бойынша Қордан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

17. Қордан кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алу төлемдер түрінде жүзеге асырылады. Оның мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен анықталады. Зейнетақы төлемдерін кесте бойынша жүзеге асырудың кезеңділігі (ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын) Шартқа қосымша келісіммен б е л г і л е н е д і .

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

18. Қор Салымшыдан/Алушыдан тиісті құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімді әзірлейді және Алушының қарауына ұсынады.

7. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі мен талаптары

19. Шарт тараптардың өзара келісуі бойынша жазбаша түрде, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей айқындалмаған және енгізілген толықтыру Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

20. Салымшы/Алушы Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген зейнетақы жарналарын енгізу тәртібін бұзған жағдайда, сондай-ақ Салымшы/Алушы зейнетақы жарналарын енгізуді тоқтатқан немесе тоқтата тұрған жағдайда Қор Шартқа өзгерістер енгізуді талап етуге құқылы.

21. Шарт тараптардың өзара келісуі бойынша, сондай-ақ заңды күшіне енген сот шешімі негізінде, тараптар қабылдаған міндеттемелерін орындамаған жағдайда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

Шарт бір жақты тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы қорынан басқасына аударуға, Салымшының/Алушының Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұрғылықты жерге көшіп кетуіне байланысты Салымшының/Алушының өз бастамасы бойынша, сондай-ақ Салымшының/Алушының корпоративтік Қордың құрылтайшысы немесе акционері - ұйыммен жасаған еңбек келісімі бұзылған жағдайда корпоративтік Қордың бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін.

Ескерту: 21-тармаққа толықтыру, өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2004 жылғы 25 қазандағы N 306 қаулысымен .

8. Шарттың қолданылу мерзімі

22. Шарт оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

23. Шарт тараптар зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

24. Шарттың күші Салымшыға/Алушыға, оның мұрагеріне (мұрагерлеріне) жинақталған зейнетақы қаражатының барлық сомасы төленгеннен кейін немесе Қор Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударған кезде жойылады.

9. Дауларды шешу тәртібі

25. Тараптардың шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының соттары олардың құзыретіне сәйкес, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары негізінде қарайды.

26. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әрқайсысының заң күші бірдей екі дана етіп жасалады. Тараптардың әрқайсысында бір данадан, көшірмесі зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агентте болады.

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық

ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

10. Тараптардың деректемелері және қолдары

Ескерту: 10-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2007.05.28. N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

ҚОР

САЛЫМШЫ/АЛУШЫ

Қордың атауы, бизнес-сәйкестендіру
нөмірі, банктік деректемелері,
аты) _____

Алушының фамилиясы, аты
(бар болса - әкесінің

Қордың (оның филиалының, өкілдігінің) тұрғылықты жері, телефоны

нақты тұрған жері, телефоны

(Қор өкілінің қолы)

(Салымшының/Алушының қолы)

Зейнетақы ережесімен таныстым _____

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2003 жылғы 21 сәуірдегі
N 138 қаулысына

2-қосымша

Ескерту: Жоғарғы оң бұрышындағы "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарды бекіту туралы" деген сөздер алып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

Ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы Ү л г і ш а р т ы

(жеке тұлға болып табылатын Салымшы үшін)

Ескерту: 2-қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2007.05.28. N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

_____ қаласы

" _____ "

_____ 200__ жыл

Жинақтаушы зейнетақы қоры

(Жарғыға сәйкес толық және қысқартылған атауы, нақты мекен-жайы)
бұдан әрі "Қор" деп аталады, Жарғы (немесе сенімхат) және зейнетақы
жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға және _____ жылғы
"_____" _____ N___ зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға берген
лицензия негізінде іс-әрекет жасайтын

(лауазымы, фамилиясы, аты (әкесінің аты болғанда)
арқылы бір жағынан және жеке тұлға _____
жеке тұлға үшін - фамилиясы, аты

(әкесінің аты болғанда), туған күні, тұрғылықты жері,
жеке басын куәландыратын құжат (сериясы, номері)
берген,

(кім және қашан)

әлеуметтік жеке код N _____, немесе жеке сәйкестендіру
нөмірі бар болса, бұдан әрі "Салымшы/Алушы"
деп аталады, екінші жағынан, мына төмендегілер жөнінде ерікті
зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы
шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады:

1. Шарттың мәні

1. Осы Шартқа сәйкес Салымшы/Алушы ерікті зейнетақы жарнасын енгізуге
құқылы, ал Қор оларды қабылдауға, жинақталған зейнетақы қаражатының
сақталуын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының заңдарына және
Шарт талаптарына сәйкес жинақталған инвестициялық кірісті ескере отырып
зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2 . Қ о р :

- 1) ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауға;
- 2) Салымшыға/Алушыға жеке зейнетақы шот N_____ ашуға;
- 3) Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатын
қалыптастыруға және зейнетақы активтерін тек қана уәкілетті кастодиан банкте
с а қ т а у ғ а ;
- 4) Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының және
оның жүргізген төлемдерінің жеке есебін жүзеге асыруға;
- 5) Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатына

инвестициялық кіріс есептеуге;

6) Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуын қамтамасыз етуге;

7) Салымшыға/Алушыға жылына кемінде бір рет, сондай-ақ кез келген сұратылған күнге ақы алмастан оның сұратуы бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты ұсынуға және Салымшымен/Алушымен келісім бойынша оның жинақталған зейнетақы қаражаты туралы ақпаратқа кірудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;

8) алынып тасталды ;

9) Шарт жасау кезінде Салымшыға/Алушыға зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар, кастодиан банк туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген көлемде мәліметтерді ұсынуға ;

10) Салымшыға/Алушыға Салымшының/Алушының мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және кастодиан банктің ауысуы туралы мәліметтерді (Қор офисінде орналастыру арқылы) ұсынуға;

10-1) Салымшының/Алушының өтініші бойынша бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты ұсынуға ;

11) уәкілетті органның қайта ұйымдастырылуға рұқсатын алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде және таратуға рұқсат алған күннен бастап - он күнтізбелік күн ішінде Салымшыны/Алушыны алдағы уақытта қайта ұйымдастырылатыны және таратылатыны туралы екі баспа басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар етуге ;

12) Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

13) Салымшының/Алушының өтініші бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының барлық сомасын соңғы күнгі есептелген инвестициялық кірісімен басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына зейнетақы аннуитеті шарты бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде аударуға;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлар басталғанда Салымшыға/Алушыға зейнетақы төлемдерін жүргізуге;

15) Салымшы/Алушы қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақы шотындағы барлық сомасын Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген тәртіппен Салымшының/Алушының мұрагеріне (мұрагерлеріне)
т ө л е у г е ;

15-1) Салымшының/Алушының деректемелері өзгерген жағдайда Салымшының/Алушының жазбаша хабарламасы негізінде автоматтандырылған ақпарат жүйесіне тиісті өзгерістер енгізуге;

16) Салымшы/Алушы Қазақстан Республикасының шегінен тысқа тұрақты тұруға көшіп кеткен жағдайда, жинақталған зейнетақы қаражатын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 , 2008.10.29 N 169 Қаулыларымен .

3 . Қ о р д ы ң :

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде комиссиялық сыйақы алуға;

2) зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша оның жазбаша өтініші бойынша Салымшының/Алушының мүддесін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сот органдарында білдіруге;

2-1) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді жариялауға;

3) және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Салымшының/Алушының құқығын шектемейтін және нашарлатпайтын өзге де құқықтары бар.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 169 Қаулысымен .

4 . С а л ы м ш ы / А л у ш ы :

1) Шартқа қол қойған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде Салымшы/Алушы өзінің зейнетақы жарнасын төлеу жөніндегі агентіне (бұдан әрі - агент) Шартқа қол қойылған күнді, әлеуметтік жеке кодының номерін, Қордың деректемелерін хабарлауға, сондай-ақ оған Шарттың көшірмесін беруге;

2) Қордың міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы , сондай-ақ Шартты бұзу ниеті туралы олар басталған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қорға растайтын құжаттарды ұсына отырып хабарлауға м і н д е т т і .

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және

қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

5. С а л ы м ш ы н ы ң / А л у ш ы н ы ң :

1) ерікті зейнетақы жарналарын _____ мөлшерде _____
_____ енгізуге;

(ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын)

2) Қордың, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және кастодиан банктің құрылтайшылары (акционерлері) туралы ақпаратты кез келген күні сұратылатын көлемде осындай ақпаратты беру кезінде Қордың шеккен нақты шығындарынан аспайтын ақыға алуға;

3) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

4) жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына бір күнтізбелік жылда екі рет аударуға, сондай-ақ жинақталған зейнетақы қаражатын зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда Қордан сақтандыру ұйымына аударуға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

6) төлемдерді жүзеге асыру сәтіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын мұраға қалдыруға ;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатын алуға;

8) Қор қызметіне сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

3. Зейнетақы жарналары зейнетақы мен төлемдерін енгізу тәртібі мен шарттары

Ескерту: 3-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

6. Ерікті зейнетақы жарналары осы Шарттың 4 тармағында белгіленген мерзімде және мөлшерде төленеді.

7. Зейнетақы төлемдерін алу тәртібін тараптар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімді жасау арқылы дербес айқындайды.

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

4. Қорлардың Салымшыларды/Алушыларды хабардар ету тәртібі

8. Салымшыға/Алушыға оның жинақтаған зейнетақы қаражаты туралы Қор беретін жыл сайынғы ақпаратқа ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы кіреді, оның ішінде:

1) зейнетақы шарты жасалған күннен бастап және өткен жылы келіп түскен зейнетақы жарналарының және (немесе) аударымдарының айлар бойынша және олардың нақты келіп түскен күнін көрсете отырып бөліп көрсетілген сомасы;

2) зейнетақы шарты жасалған күннен бастап және өткен жылы есептелген инвестициялық кірістің айлар бойынша және олардың нақты келіп түскен күнін көрсете отырып бөліп көрсетілген сомасы;

3) Қордың комиссиялық сыйақы сомасы;

3-1) Қордың уәкілетті органы бекіткен комиссиялық сыйақының көлемі;

4) өткен жылы жүргізілген зейнетақы төлемдерінің және (немесе) аударымдарының ұсталған табыс салығының сомасы көрсетіліп, айлар бойынша бөліп көрсетілген сомасы.

Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

9. Салымшыны/Алушыны жыл сайын хабардар ету күнтізбелік жыл аяқталғанға дейін екі ай ішінде Қордың меншікті қаражаты есебінен жүргізіледі.

9-1. Салымшының/Алушының өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабардар ету төлем карточкасы арқылы, сондай-ақ байланыс құралдары (пошта, электрондық пошта және өзге байланыс құралдары) арқылы жүргізілуі мүмкін.

Ескерту: 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

5. Тараптардың міндеттемелерін орындамаған жағдайдағы жауапкершіліктері

10. Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапкершілік көтереді.

11. Салымшымен/Алушымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы шарт болмаған жағдайда, оның пайдасына түсетін зейнетақы жарналарын Қор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде Салымшыға/Алушыға қайтарады.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

12. Қор жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды Қор кінәсынан кешіктірген жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 есесі мөлшерінде Алушының пайдасына өсімпұл төлеуге міндетті. Өсімпұл төлеу Қорды нақты зейнетақы төлеуді (жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды) жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

Ескерту: 12-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

13. Форс-мажор жағдайы деп танылған соғыс, табиғат апаты, жаппай ереуілдер, белгіленген тәртіппен жарияланған және тараптар шарт бойынша міндеттемелерін орындайтын жерде бар немесе пайда болуы мүмкін, оларды орындауға кедергі жасайтын және тараптардың еркінен тыс төтенше жағдайлар мен ахуалдар болған кезде Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

14. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес реттеледі.

6. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі мен талаптары

15. Шарт тараптардың өзара келісуі бойынша жазбаша түрде, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей айқындалмаған және енгізілген толықтыру Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

16. Шарт тараптардың өзара келісуі бойынша, сондай-ақ заңды күшіне енген сот шешімі негізінде, тараптар қабылдаған міндеттемелерін орындамаған жағдайда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

Жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы қорынан басқасына аударуға, Салымшының/Алушының Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұрғылықты жерге көшіп кетуіне байланысты Қордың бастамасы бойынша ғана Шарт бір жақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

7. Шарттың қолданылу мерзімі

17. Шарт оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

18. Шарт тараптар зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

19. Шарттың күші Салымшыға/Алушыға, оның мұрагеріне (мұрагерлеріне) жинақталған зейнетақы қаражатының барлық сомасы төленгеннен кейін немесе

Қор Салымшының/Алушының жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына не сақтандыру ұйымына аударған кезде жойылады.

8. Дауларды шешу тәртібі

20. Тараптардың шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының соттары олардың құзыретіне сәйкес, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары негізінде қарайды.

21. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әрқайсысының заң күші бірдей екі дана етіп жасалады. Тараптардың әрқайсысында бір данадан, көшірмесі зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агентте болады.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

9. Тараптардың деректемелері және қолдары

Ескерту: 9-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2007.05.28. N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

ҚОР

САЛЫМШЫ/АЛУШЫ

Қордың атауы, бизнес-сәйкестендіру
нөмірі, банктік деректемелері,

Алушының фамилиясы, аты
(бар болса - әкесінің
а т ы)

Қордың (оның филиалының, өкілдігінің) тұрғылықты жері, телефоны

нақты тұрған жері, телефоны

(Қор өкілінің қолы)

(Салымшының/Алушының қолы)

Зейнетақы ережесімен таныстым _____

**Т и п о в о й д о г о в о р
о пенсионном обеспечении за счет
добровольных пенсионных взносов**

в пользу третьего лица

*РҚАО-ның ескертуі: Шарттың мемлекеттік тілдегі аудармасы
болмағандықтан мәтінді орыс тілінде қараңыз.*

Ескерту. Үлгі шартқа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және

қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007.05.28. N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.10.29 N 169 Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2003 жылғы 21 сәуірдегі
N 138 қаулысына

3-қосымша

Ескерту: Жоғарғы оң бұрышындағы "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарды бекіту туралы" деген сөздер алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

**Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен
зейнетақымен қамсыздандыру туралы**

Үлгі шарты

Ескерту: 3-қосымшаға өзгертулер - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2007.05.28. N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

_____ қаласы " ____ " _____ 200__ жыл

Жинақтаушы зейнетақы қоры

_____ (Жарғыға сәйкес толық және қысқартылған атауы, нақты орналасқан жері)

бұдан әрі "Қор" деп аталады, Жарғы (немесе сенімхат) және зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға және _____ жылғы " ____ " _____ N ____ зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға берген лицензия негізінде іс-әрекет жасайтын

_____ (лауазымы, фамилиясы, аты жөні)

арқылы бір жағынан және заңды тұлға _____

(Жарғысына сәйкес толық және _____

_____ қысқаша атауы, нақты орналасқан жері;

бұдан әрі "Салымшы" деп аталады, _____

(лауазымы, аты-жөні)

_____ (заңды тұлғаның өкілі), арқылы екінші жағынан, және N _____ әлеуметтік жеке коды, немесе жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса), жеке тұлға _____

(аты-жөні, туған күні, тұратын жері, жеке басын куәландыратын

_____ берген

_____ құжат (сериясы, нөмірі) (кім және қашан)

_____ жеке басын куәландырған құжаттың сериясы _____ N _____, бұдан әрі "Алушы" деп аталады, үшінші жағынан, мына төмендегілер жөнінде міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады:

1. Шарттың мәні

1. Салымшы осы Шартқа сәйкес ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын Алушының пайдасына уақтылы енгізуге құқылы, ал Қор оларды қабылдауға, жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуын қамтамасыз етуге және зейнетақы төлемдерін жинақталған зейнетақы кірісі есепке ала отырып Қазақстан Республикасының заңдарына және Шарт талаптарына сәйкес жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2 . Қ о р :

- 1) ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын қабылдауға;
- 2) Алушыға N _____ жеке зейнетақы шотын ашуға;
- 3) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатын қалыптастыруға және зейнетақы активтерін тек қана уәкілетті кастодиан банкте сақтауға;
- 4) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының және оның жүргізген төлемдерінің жеке есебін жүзеге асыруға;
- 5) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатына инвестициялық кіріс е с е п т е у г е ;
- 6) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатын сақтауды қамтамасыз етуге;
- 7) Алушыға жылына кемінде бір рет, сондай-ақ кез келген сұратылған күнге ақы алмастан оның сұратуы бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты ұсынуға және Алушымен келісім бойынша оның жинақталған зейнетақы қаражаты туралы ақпаратқа кірудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;
- 8) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;
- 9) Шарт жасау кезінде Алушыға зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар, кастодиан банк туралы мәліметтерді

Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған көлемде ұсынуға;

10) Алушыға Алушының мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және кастодиан банктің ауысуы туралы мәліметтерді (Қор офисінде орналастыру арқылы) ұсынуға;

10-1) Салымшының/Алушының өтініші бойынша бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты ұсынуға;

11) уәкілетті органның қайта ұйымдастырылуға рұқсатын алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде және таратуға рұқсат алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Алушыны алдағы уақытта қайта ұйымдастырылатыны және таратылатыны туралы екі баспа басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы хабардар етуге;

12) Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

13) Алушының өтініші бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының барлық сомасын соңғы күнгі есептелген инвестициялық кірісімен басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде аударуға;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлар басталғанда Алушыға зейнетақы төлемдерін жүргізуге;

15) Алушы қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақы шотындағы барлық сомасын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Алушының мұрагеріне (мұрагерлеріне) төлеуге;

15-1) Алушының деректемелері өзгерген жағдайда Салымшының/Алушының жазбаша хабарламасы негізінде автоматтандырылған ақпарат жүйесіне тиісті өзгерістер енгізуге;

16) Алушы Қазақстан Республикасының шегінен тысқа тұрақты тұруға кеткен жағдайда, жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу жөніндегі операцияны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға міндеттенеді.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.04.12 N 113 , 2005.11.26 N 416 , 2008.10.29 N 169 Қаулыларымен .

3 . Қ о р д ы н :

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде комиссиялық сыйақы алуға;

2) зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша Алушының жазбаша өтініші бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сот органдарында оның мүддесін білдіруге;

2-1) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді жариялауға;

3) және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Алушының құқығын шектемейтін және нашарлатпайтын өзге де құқықтары бар.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 169 Қаулысымен .

4. Салымшы: _____

(ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын, бір жолғы және басқалары)

Алушының пайдасына ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын _____ мөлшерде және Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен енгізеді.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

5. Алушы Қордың міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ Шартты бұзу ниеті туралы олар басталған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қорға растайтын құжаттарды ұсына отырып хабарлауға м і н д е т т і .

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

6 . А л у ш ы н ы ң :

1) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

2) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты а л у ғ а ;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аударуға, бірақ бір күнтізбелік жылда екі реттен көп емес, сондай-ақ жинақталған зейнетақы қаражатын тиісті зейнетақы аннуитетінің шарты болған жағдайда Қордан сақтандыру ұйымына аударуға;

4) төлемдерді жүзеге асыру сәтіне Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын мұраға қалдыруға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатын алуға;

7) Қор қызметіне сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар.

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

3. Зейнетақы жарналары мен төлемдерін енгізу тәртібі мен шарттары

7. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары осы Шарттың 4-тармағында белгіленген мерзімдерде және мөлшерде және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төленеді.

8. Зейнетақы төлемдерін алу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленеді.

4. Қордың Алушыны хабардар ету тәртібі

9. Алушыға жинақтаған зейнетақы қаражаты туралы Қор беретін жыл сайынғы ақпаратқа ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы кіреді, оның ішінде:

1) зейнетақы шарты жасалған күннен бастап және өткен жылы келіп түскен зейнетақы жарналарының және (немесе) аударымдарының айлар бойынша және олардың нақты келіп түскен күнін көрсете отырып бөліп көрсетілген сомасы;

2) зейнетақы шарты жасалған күннен бастап және өткен жылы есептелген инвестициялық кірістің айлар бойынша және олардың нақты келіп түскен күнін көрсете отырып бөліп көрсетілген сомасы;

3) Қордың комиссиялық сыйақы сомасы;

3-1) Қордың уәкілетті органы бекіткен комиссиялық сыйақының көлемі;

4) өткен жылы жүргізілген зейнетақы төлемдерінің және (немесе) аударымдарының ұсталған табыс салығының сомасы көрсетіліп, айлар бойынша бөліп көрсетілген сомасы.

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

10. Алушы жыл сайын күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін екі ай ішінде Қордың меншікті қаражаты есебінен міндетті түрде хабардар етіледі.

10-1. Салымшының/Алушының өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабардар ету төлем карточкасы арқылы, сондай-ақ байланыс құралдары (пошта, электрондық пошта және өзге байланыс құралдары) арқылы жүргізілуі мүмкін.

Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

5. Тараптардың міндеттемелерін орындамаған жағдайдағы жауапкершіліктері

11. Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін тараптар Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапкершілік көтереді.

12. Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға байланысты Алушының Қор жапқан жеке зейнетақы шотына зейнетақы жарналарын есепке алу кезінде Қор Салымшыға ол аударған соманы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде қайтаруға міндетті.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен .

13. Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру Қор кінәсынан кешіктірілген жағдайда, Қор Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,5 еселенген қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде Алушының пайдасына әрбір мерзімі өткен күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті. Өсімпұл төлеу Қорды нақты зейнетақы төлеуді (жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды) жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерін орындаудан б о с а т п а й д ы .

Ескерту: 13-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен .

14. Форс-мажор жағдайы деп танылған соғыс, табиғат апаты, жаппай ереуілдер, белгіленген тәртіппен жарияланған және тараптар шарт бойынша міндеттемелерін орындайтын жерде бар немесе пайда болуы мүмкін, оларды орындауға кедергі жасайтын және тараптардың еркінен тыс төтенше жағдайлар мен ахуалдар болған кезде Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

15. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес реттеледі.

6. Зейнетақы төлемдерін кесте бойынша жүзеге асыру тәртібі

16. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайлар басталған кезде Қордан зейнетақы төлемдерін алуға Алушының құқығы бар.

17. Кесте бойынша Қордан төленетін Зейнетақы төлемдері мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен белгіленетін төлемдер түрінде жүзеге асырылады. Кесте бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезеңділігі (ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын) Шартта белгіленеді және қосымша келісіммен ресімделеді.

18. Қор Алушыдан тиісті құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын қосымша келісімді әзірлейді және Алушының қарауына ұсынады.

7. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі мен талаптары

19. Шарт тараптардың өзара келісуі бойынша жазбаша түрде, тек Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей айқындалмаған ережелер бойынша ғана өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін және енгізілуі Қазақстан Республикасының заңдарға қайшы келмеуі керек.

20. Шартқа енгізілген, Алушының құқығын қозғайтын өзгерістер мен толықтырулар Алушының жазбаша келісімі болғанда ғана заңды болады.

21. Салымшы Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген зейнетақы жарналарын енгізу тәртібін бұзған жағдайда, сондай-ақ Салымшы зейнетақы жарналарын енгізуді тоқтатқан немесе тоқтата тұрған жағдайда Қор Шартқа өзгерістер енгізуді талап етуге құқылы.

22. Шарт тараптардың өзара келісуі бойынша, сондай-ақ заңды күшіне енген сот шешімі негізінде, тараптар қабылдаған міндеттемелерін орындамаған жағдайда бұзылуы мүмкін.

Шарт бір жақты тәртіппен жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы қорынан басқасына аударуға, Алушының Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұрғылықты жерге көшіп кетуіне байланысты Алушының бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін.

8. Шарттың қолданылу мерзімі

23. Шарт оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

24. Шарт тараптар зейнетақы шарты бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

25. Шарттың күші Алушыға, оның мұрагеріне (мұрагерлеріне) жинақталған зейнетақы қаражатының барлық сомасы төленгеннен кейін немесе Қор Алушының жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына не сақтандыру ұйымына аударған кезде жойылады.

9. Дауларды шешу тәртібі

26. Тараптардың шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының соттары олардың құзыретіне сәйкес, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары негізінде қарайды.

27. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әрқайсысының заң күші бірдей үш дана етіп жасалады. Тараптардың әрқайсысында бір данадан, үшінші данасы зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агентте болады.

10. Тараптардың деректемелері және қолдары

Ескерту: 10-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен , 2007.05.28. N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

ҚОР

САЛЫМШЫ

Қордың атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, банктік деректемелері,

(атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, банктік деректемелері

Қордың (оның филиалының, өкілдігінің)

нақты орналасқан жері,

телефоны

орналасқан жері, телефоны

(Қор өкілінің қолы)

(Салымшының қолы)

АЛУШЫ

Алушының аты-жөні, ӘЖК

тұрғылықты жері, телефоны

(Алушының қолы)

_____ қаласы

" ____ " _____

200 ____ жыл

Зейнетақы ережесімен таныстым _____

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Міндетті, ерікті және ерікті
кәсіби зейнетақы жарналары
есебінен зейнетақымен
қамсыздандыру туралы үлгі
шарттарды бекіту туралы"
2003 жылғы 21 сәуірдегі
N 138 қаулысына
4 - қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің мынадай нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің "Жинақтаушы зейнетақы қорының ережелеріне қойылатын негізгі талаптарды бекіту туралы" 1997 жылғы 27 тамыздағы N 3-Ө бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 367 тіркелген, 2001 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағында жарияланған, 4-том);

2) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің "Жинақтаушы зейнетақы қорының ережелеріне қойылатын негізгі талаптарға" өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" 1998 жылғы 9 наурыздағы N 29-Ө бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 73 тіркелген);

3) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің "Жинақтаушы зейнетақы қорының ережелеріне қойылатын негізгі талаптарға" өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" 1998 жылғы 18 желтоқсандағы N 174-Ө бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 673 тіркелген).